

Жеке тұлғаның аллокирленбеген металл шотына қосу шарты

Осы жеке тұлғаның аллокирленбеген металл шотына қосу шартымен (бұдан әрі – Шарт) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да (бұдан әрі – Банк) жеке тұлғаның (бұдан әрі – Клиент) аллокирленбеген металл шотын ашудың, жүргізудің және жабудың стандартты талаптары айқындалады.

1-Бап. Кіріспе

1.1. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ мен жеке тұлғаның аллокирленбеген металл шотын ашуға өтініш берген Клиент (бұдан әрі – өтініш) арасында жасалған осы қосу шартында жеке тұлғаның аллокирленбеген металл шотында (бұдан әрі – Металл шот) бағалы металдарды есепке алудың стандартты талаптары айқындалады.

Осы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес жасалатын қосу шарты болып табылады. Шарт пен өтініш нысаны Банктің www.halykbank.kz ресми веб-сайтында орналастырылады.

1.2. Шарт клиент қол қойған өтінішті Банк бөлімшесіне беру арқылы не Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау құралдарын пайдалана отырып, өтінішті мобильді қосымшада электрондық түрде қол қою арқылы жасалады.

Шартта белгіленген тәртіппен Клиент қол қойған өтініш, клиенттің Шартты оқығанын, түсінгенін және қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз толық көлемде қабылдағанын куәландырады. Егер Банкте шартта белгіленген тәртіппен Клиент қол қойған өтініштің данасы болса, Клиент осы Шартта өзінің қойылған қолының жоқ болуына шартты алмағанын/оқымағанын/түсінбегенін/қабылдамағанын дәлелдеу ретінде сілтеме жасауға құқылы емес. Өтінішке қол қоя отырып, Клиент Металл шотты ашудың, жүргізудің, жабудың барлық талаптарын өзіне қабылдайды және осы шартқа қосылады, сондай-ақ осы Шарттың барлық ережелері Клиенттің мүдделері мен ерік білдіруіне толық сәйкес келетінін растайды.

1.3. Банк қабылдаған өтініш, егер Банк оларды Шартқа қосса, Шарттың барлық қосымшалары Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

1.4. Осы Шарттың күші банктің жеке тұлғаларға-жеке кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, кәсіби медиаторларға аллокирленбеген металл шоттарын ашуға, жүргізуге және жабуға қолданылмайды.

2-тарау. Терминдер мен анықтамалар

2.1. Осы Шартта келесі терминдер пайдаланылады:

2.1.1. Банк – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, оның филиалдары, бөлімшелері, басқа да бөлімшелері, қызметкерлері;

2.1.2. Металл шоты – банк аффинирленген бағалы металдардың жеке белгілерін көрсетпестен оларды есепке алу, сондай-ақ аффинирленген бағалы металдарды иесіздендірілген (заттай емес) нысанда қабылдау, орналастыру және сатып алу-сату бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін ашатын металл шоты. Металл шоты банк шоты емес;

2.1.3. Өңдеуден және тазалаудан өткен АБМ – бөгде қоспалардан және ілеспе құрамдастардан тазартылған және өңделген, Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы (London bullion market

association) немесе Лондон платина тобындағы металдар қауымдастығы (London Platinum and palladium Market) қабылдаған халықаралық сапа стандарттарына және/немесе Еуразиялық экономикалық одақтың мүше мемлекеттерінде белгіленген сапа стандарттары мен талаптарына және/немесе шығарылатын елінің сапа стандарттары мен техникалық шарттарына сәйкес келетін сапаға жеткізілген афинирленген бағалы металдар, сондай-ақ, құрамында алтын мен күміс бағалы металдарының кемінде 99,99 % (тоқсан тоғыз бүтін жүзден тоқсан тоғыз пайыз) мөлшері бар бағалы металдан жасалған монеталар;

2.1.4. Клиент – жеке тұлға;

2.1.5. унция – 31,1034768 граммға тең троя унциясын білдіреді;

2.1.6. уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

2.1.7. үзінді көшірме – тиісті түрде, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Банктің қағаз жеткізгіште не клиенттің не үшінші тұлғалардың өтініші бойынша электрондық түрде ұсынатын және белгілі бір уақыт кезеңі үшін металл шот бойынша кредиттік/дебеттік операцияларды көрсететін металл шоттың жай-күйі туралы ақпараты бар ресімделген құжат;

2.1.8. қолжетімді қалдық – металл шоттағы Унция қалдығы;

2.1.9. интернет-банкинг – <https://www.myhalyk.kz/> және <https://www.Homebank.kz/> мекенжайы бойынша Банктің арнайы web-сайтында интернет арқылы электрондық банк қызметтеріне, сондай-ақ Android және iOS платформаларына арналған Google Play және App Store-да жарияланған «MyHalyk» және «Halyk Super App» мобильді қосымшаларында қашықтан қол жеткізу жүйесі;

2.1.10. тарифтер – Банк комиссияларының мөлшерін айқындайтын, ол көрсеткен қызметтер/шарт бойынша жасаған операциялары үшін алынатын қолданыстағы тарифтер. Тарифтер Банктің www.halykbank.kz электрондық мекенжайында орналастырылады;

2.1.11. КЖ/ТҚ – кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл;

2.1.12. ЖҚҚТҚҚІ – жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл.

3-бап. Шарттың Мәні

3.1. Банк өтініш бойынша Клиентке ондағы алтын және күміс сияқты АБМ-ді иесіздендірілген (заттай емес) нысанда есепке алу үшін металл шот ашады, Шарттың талаптарына, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес металл шотты жүргізуді жүзеге асырады, ал Клиент Шарттың талаптарына сәйкес Банктің қызметтеріне ақы төлейді.

3.2. Осы Шарт бойынша металл шот талап етілгенге дейінгі шот, яғни, АДМ сақтау мерзімі шектелмеген шот болып табылады.

3.3. Металл шоттағы АДМ қалдығына сыйақы есептелмейді.

3.4. Металл шотты нөлдік қалдықпен ашуға болады.

Металл шотта АДМ-нің минималды және максималды қалдықтары орнатылмайды.

4-бап. Металл шотын ашу

4.1. Металл шотты Банк Клиентте келесілер болған жағдайда ашады:

4.1.1. жеке басын куәландыратын құжат және ЖСН;

4.1.2. Банктің сәйкестендіру/верификациялау және КҮС/AML-тексерулерінен өту (оның ішінде қашықтықтан);

4.1.3. АБМ сатып алу/сату кезінде есеп айырысу үшін Банкте ағымдағы шоттың, оның ішінде төлем картасы шығарылған шоттың болуы.

4.2. Банк КЖ/ТҚ және ЖҚҚТҚҚІ бойынша талаптарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында, ішкі рәсімдерде көзделген негіздер, Халықаралық экономикалық санкциялар болған кезде металл шот ашудан бас тартуға немесе ашуды тоқтата тұруға құқылы.

4.3. Металл шотты ашу күні Банктің есеп жүйелерінде металл шот нөмірін беру күні болып табылады.

4.4. Шарт бойынша Клиентке бір ғана металл шот ашылуы мүмкін.

5-бап. Металл шоты бойынша жүзеге асырылатын операциялар

5.1. Металл шоты бойынша:

5.1.1. металл шотына унциямен АБМ есептеу;

5.1.2. Металл шотынан АБМ-ны есептен шығару жүзеге асырылады.

АБМ-ны металл шотқа есептеу, АБМ-ны металл шоттан есептен шығару металл шотты ашқан, жапқан кезде, интернет-банкинг немесе клиенттің сатып алуға/сатуға арналған өтініміне/өтінішіне сәйкес Банктің бөлімшесі арқылы унциямен АБМ сатып алған/сатқан кезде, сондай-ақ шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

5.2. Металл шоттан АБМ сату металл шоттағы АБМ қалдығы шегінде жүзеге асырылады.

5.3. АБМ сатып алу/сату:

шетел валютасымен

қазақстандық теңгемен жүзеге асырылады.

АБМ сатып алу/сату операциялары жүзеге асырылатын валюталардың тізімін Банк дербес белгілейді және оны өз қалауы бойынша өзгерте алады.

5.4. Металл шоты бойынша АБМ-мен операциялар операция жасалған күні Банк белгілеген ағымдағы айырбастау бағамы бойынша жүзеге асырылады. Ағымдағы айырбастау бағамы операция жасалған күні банкте қолданылатын АБМ сатып алу/сату бағамына сәйкес келеді. АБМ-ны иесіздендірілген (заттай емес) нысанда сатып алу/сатудың айырбастау бағамын банк күн сайын белгілейді және Банктің web-сайтында www.halykbank.kz электрондық мекенжайы бойынша және Банктің филиалында/басқа бөлімшесінде орналастырылады. АБМ-ны иесіздендірілген (заттай емес) нысанда сатып алу/сату айырбас бағамын Банк нарықтағы жағдайға байланысты күні бойы өзгерте алады.

5.5. Банк бөлімшелеріндегі металл шоты бойынша АБМ-мен операцияларды Клиент өкіл арқылы клиент өкілге берген нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде, сондай-ақ заңды өкілдер, оның ішінде Клиенттің қорғаншылары мен қамқоршылары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен ғана жүзеге асыра алады.

5.6. Металл шоты бойынша АБМ-мен операциялар осы Шарттың талаптарына, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

5.7. Банк Клиентке оның талабы бойынша үзінді көшірме береді. Клиентке берілген үзінді көшірмелер клиенттің металл шоттағы АБМ қалдығы және/немесе қозғалысы туралы хабардар етілгенінің жеткілікті дәлелі болып табылады.

5.8. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, АБМ-ны металл шоттан алу АБМ-ны сату жөніндегі операциялар арқылы ғана жүзеге асырылады.

5.9. Металл шотты жабу кез келген уақытта Клиенттің өтініші бойынша Банк бөлімшесінде, Банктің мобильді қосымшасы арқылы – егер шартта өзгеше белгіленбесе, Банк белгілеген аутентификация құралдарын пайдалана отырып, электрондық өкім беру арқылы жүргізіледі.

6-бап. Банк көрсететін қызметтер үшін тарифтер

6.1. Клиент Банктің шартта көзделген операцияларды жүргізу жөніндегі қызметтеріне, үшінші тараптардың тапсырмаларын Банк орындаған жағдайда, Банктің тарифтерінде көрсетілген валютада және мөлшерде комиссиялар түрінде төлейді.

6.2. Қызмет көрсетілгенге дейін Клиент Банктің филиалында/бөлімшесінде немесе Банктің www.halykbank.kz веб-сайтында белгіленген тариф мөлшерлемелерін өздігінен анықтайды. Сондай-ақ, қызмет үшін Банк алатын комиссия мөлшері туралы ақпарат Клиентке қызмет алуға байланысты Банкке жүгінген кезде айтылады.

6.3. Банк бөлімшесінде қызмет көрсету кезінде Клиент Банктің қызметтерін қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеуге құқылы.

6.4. Мобильді қосымшаны пайдалана отырып қызмет көрсету кезінде Клиент Банктің қызметтерін қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлейді. Бұл жағдайда Банк осындай банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы төлем ордерін пайдалана отырып, Банкте ашылған Клиенттің ағымдағы шотынан комиссия алады. Ол үшін Клиент Банкте ашылған Клиенттің ағымдағы шотын тікелей дебеттеу жолымен төлем ордерін пайдалана отырып, Банктің ақшаны алып қоюына Банкке келісімін береді.

6.5. Банк тарифтерге өзгерістер енгізуге құқылы.

Тарифтердің өзгергені туралы Банк Клиентті олар қолданысқа енгізілгенге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Банктің филиалдарында/басқа бөлімшелерінде және www.halykbank.kz web-сайтында ақпаратты орналастыру жолымен хабардар етеді.

Банктің Клиентке шарт жасасқаннан кейін ұсына алатын жаңа қызметтері бойынша тарифтерді қолданысқа енгізу туралы Банк Клиентті олар қолданысқа енгізілгенге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Банктің филиалдарында/басқа бөлімшелерінде және www.halykbank.kz web-сайтында ақпаратты орналастыру арқылы хабардар етеді. Дәл осындай тәртіппен Банк Клиентке осы тарифтердегі өзгерістер туралы хабарлайды.

7-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

7.1. Банктің міндеттері:

7.1.1. Металл шоттағы АБМ қалдығының сақталуын қамтамасыз ету;

7.1.2. Шартқа сәйкес Металл шотына қызмет көрсету бойынша қызметтер ұсыну;

7.1.3. Клиентке Шарттың талаптарына, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес операциялық күн шегінде Металл шотты жүргізу бойынша қызметтер көрсету;

7.1.4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Металл шоты бойынша мәліметтерді жария етпеу;

7.1.5. Клиентке талап етуі бойынша Металл шотының жай-күйі туралы ақпарат беру.

7.2. Банктің құқықтары:

7.2.1. Металл шотын ашу немесе ашудан бас тарту туралы өз бетінше шешім қабылдау;

7.2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген тиісті тексеру жөнінде шаралар қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ, клиент іскерлік қатынастарды Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын бұза отырып пайдалана алады деген күдік болған жағдайда, Клиентпен іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту;

7.2.3. клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз, егер қолданыстағы Заңнама және/немесе Банктің ішкі саясаты, стандарттары мен рәсімдері талап етсе, Металл шотын ашу/жүргізу/жабу үшін қажетті құжаттар тізбесіне өзгерістер енгізу;

7.2.4. мына жағдайларда АБМ сатып алуға/сатуға Клиенттің өтінішін/нұсқауларын орындаудан бас тарту:

- Клиент Шарт бойынша оған қызмет көрсету үшін қажетті құжаттарды толтыру ережелері мен ұсыну мерзімдерін бұзған кезде;

- Клиент Металл шоты бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін ағымдағы шотта жеткілікті ақша сомасын және Банкке АБМ-мен операцияларды жүзеге асырғаны үшін тиесілі комиссиялық сыйақыны қамтамасыз етпеген кезде, сондай-ақ ағымдағы шотта шектеулер болған кезде;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге де жағдайларда;

- Халықаралық экономикалық санкцияларда көзделген жағдайларда;

7.2.5. тарифтер мөлшеріне біржақты тәртіппен өзгерістер енгізу;

7.2.6. Шартқа біржақты тәртіппен өзгерістер, толықтырулар енгізу;

7.2.7. АБМ-ны металл шотқа қате аудару фактісі анықталған жағдайда, АБМ-ны металл шоттан есептен шығаруды жүргізуге, оған Клиент өзінің келісімін береді;

7.2.8. мына жағдайларда Шартты орындаудан біржақты бас тарту жолымен Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату:

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, сондай-ақ банктің ішкі құжаттарында белгіленген жағдайларда;

Клиент жасаған операцияларды зерделеу процесінде іскерлік қатынастарды клиент Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындаса;

Банктің шоттар бойынша шығыс операцияларын жүргізуден бірнеше рет бас тартуы не Клиенттің банктік шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтата тұруы;

Клиентке және/немесе оның үлестес тұлғаларына қатысты, кез келген елдің (мысалы, АҚШ , ЕО , Ұлыбритания және басқалар) немесе халықаралық ұйымның (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, ФАТФ пен БҰҰ) юрисдикциясына сәйкес салынған санкциялардың болуы;

Банктің клиенттің/контрагенттің операциялары Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылады және/немесе халықаралық экономикалық санкциялар қолданысына түседі не Халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған деп пайымдауға негіздемелерінің болуы; Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген клиентті (оның өкілін) тиісті тексеру жөнінде шаралар қабылдау мүмкін еместігі.

7.3. Банк жауапты емес:

7.3.1. егер Клиент немесе оның өкілі қате жіберген болса, Клиенттің АДМ сатып алу/сату бойынша қате орындалған өтініші/нұсқауы бойынша ақша сомасын қайтару мүмкін болмаған жағдайда;

7.3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шартта, Банктің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда АДМ сатып алуға/сатуға арналған өтінішті/клиенттің нұсқауын орындаудан бас тартқаны және/немесе орындауды тоқтатқаны үшін;

7.3.3. Банктің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын, сондай-ақ Халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын орындауы нәтижесінде клиенттің шеккен залалдары үшін;

7.3.4. аударымда Халықаралық экономикалық санкцияларды бұзу, Халықаралық экономикалық санкциялардан жалтару белгілерінің болуы себебінен Банктің корреспондент-Банкі тарапындағы операциялардың сомаларын OFAC бұғаттау нәтижесінде клиенттің шығындарын қоса алғанда, халықаралық экономикалық санкциялардың бұзылуына байланысты операцияға қатысушы банктің корреспондент-Банкінің клиенттің АДМ сатып алуға/сатуға арналған өтініші/нұсқауы бойынша орындаудан немесе орындауды тоқтатудан бас тартуынан клиенттің шеккен залалдары үшін;

7.3.5. Шартта көзделген басқа жағдайларда.

Банк Шарт бойынша Клиентке жіберіп алған пайданы өтемейді.

7.4. Клиенттің міндеттері:

7.4.1. Металл шотын ашу, сондай-ақ операциялар жүргізу үшін металл шоты бойынша Банкке Қазақстан Республикасының шартына, заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес құжаттарды ұсыну;

7.4.2. 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банкті:

- жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелерін өзгерту туралы;
- тұрғылықты мекенжайының, телефон нөмірлерінің өзгеруі, сондай-ақ өтініште көзделген мәліметтердің басқа да өзгерістері туралы хабардар ету.

7.4.3. тарифтерге сәйкес Банктің қызметтеріне ақы төлеу.

Клиент мобильді қосымша арқылы АДМ операциялары оған металл шот ашқаннан кейін қолжетімді болатынымен келісетінін растайды.

7.5. Клиенттің құқықтары:

7.5.1. Шарт талаптарына сәйкес Металл шотты пайдалану;

7.5.2. Металл шотына қызмет көрсету бойынша қызметтерді алу, оның ішінде Банк Шартқа сәйкес Шарт жасалғаннан кейін Шартта көзделген қызметтерді алу;

7.5.3. Металл шоты бойынша АДМ-мен операциялар жасауға Банкке өтініш/нұсқау беру;

7.5.4. Банктен үзінді көшірме сұрау;

7.5.5. Банкке тиісті өтініш жіберу арқылы шарттан бас тарту;

7.5.6. Банктен шарт бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуын талап ету.

7.6. Тараптардың да басқа құқықтары бар және шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді атқарады.

7.7. Тараптың оның кез келген құқығын пайдаланбауы немесе уақтылы пайдаланбауы осы Шарттан мұндай құқықтан бас тарту ретінде бағаланбауы, сондай-ақ мұндай Тараптың өз құқықтарын жүзеге асыруына әсер етпеуі тиіс. Барлық құқықтар мен міндеттер осы Шартқа сәйкес, қалған құқықтар мен міндеттерден бөлек емес, олардың бір бөлігі болып табылады.

8-бап. Басқа шарттар

8.1. Клиент осымен өзінің түсінгенін білдіреді және Клиенттің Банкке телефон арқылы кез келген өтініштерін автоматты түрде, өтініш басталғанға дейін Клиентті хабардар ете отырып, Банк жазба құрылғысының көмегімен тіркейтініне келіседі. Мұндай жазбалар Тараптар арасындағы дауларды шешуде қолданылуы мүмкін.

8.2. Осымен Клиент металл шот ашу мақсатында Банкке өтініш білдірген кезде банк автоматты түрде синхрондау рәсімін жүргізетініне өзінің сөзсіз және қайтарылмайтын келісімін білдіреді. Синхрондау клиенттің деректерін Банктің ақпараттық жүйелеріндегі Клиент бойынша қолда бар мәліметтермен жаңартуды көздейді.

8.3. Шарттың қолданылуына, орындалуына байланысты туындайтын дауларды тараптар келіссөздер жолымен шешеді. Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген кезде даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен соттың қарауына беріледі.

8.4. Банк шартқа, оның ішінде оған жаңа қызметтерді қосу арқылы өзгерістер, толықтырулар енгізуге құқылы (тарифтер мөлшеріне емес, тарифтерге емес). Шартқа өзгерістер, толықтырулар енгізу туралы Банк Клиентті олар қолданысқа енгізілгенге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Банктің филиалдарында/басқа бөлімшелерінде және www.halykbank.kz web-сайтында ақпаратты орналастыру жолымен хабардар етеді.

Шарттағы өзгерістермен, толықтырулармен келіспеген жағдайда Клиент осындай өзгерістер, толықтырулар қолданысқа енгізілген күнге дейін шартты орындаудан бас тартуды көздейтін өтініш беру/Банкке жіберу арқылы Шарттан бас тартуға құқылы. Егер шартқа өзгерістер, толықтырулар қолданысқа енгізілген күнге дейін Клиент Банкке өтініш бермесе/жібермесе, онда осы күннен бастап Шарт өзгерістермен, толықтырулармен қолданысын жалғастырады.

8.5. Шарт мына жағдайларда бұзылуы мүмкін:

8.5.1. Тараптардың келісімі бойынша;

8.5.2. Клиент немесе Банк шартты орындаудан бас тартқан кезде. Ол үшін Клиент Шартты орындаудан бас тартуды көздейтін өтініш береді/Банкке жібереді, ал Банк клиентке Шартты орындаудан бас тарту туралы шартты бұзу күніне дейін 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.

Банк Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізген жағдайда, егер мұндай өтініш Шартқа өзгерістер мен толықтырулар күшіне енгенге дейін берілсе/жіберілсе, Клиенттің Шартты бұзу мерзімі қысқаруы мүмкін;

8.5.3. Банк Шарттың 7.2.8 тармақшасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Банк Метталл шотты жүргізудің, Метталл шот бойынша АДМ операцияларын жүргізудің Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға алып келуі мүмкін деп есептеп, Шартты орындаудан бас тартқан жағдайда. Мұндай жағдайларда Банк Клиентті Шартты орындаудан бас тарту туралы хабардар ету мерзімін дербес айқындайды;

8.5.4. Басқа адамдардың талабы бойынша.

8.6. Шартты бұзған кезде Тараптар Тараптар арасындағы өзара есеп айырысуды жүзеге асыру және Шартты бұзуға байланысты өзге де әрекеттерді жасау үшін қажетті шараларды қабылдайды.

8.7. Тараптардың келісімі бойынша шарт бұзылған кезде, Тараптардың бірі Шарттан бас тартқан кезде Банк Метталл шоттағы АДМ қалдығын сатып алады, ал ақшаны Метталл шотта

көрсетілген тазартылған бағалы металдарды сатып алу-сату мәмілесін жасау нәтижесінде клиенттің банк шотына аударады.

Шартты кез келген негіз бойынша бұзған кезде металл шот жабылады.

8.8. Мүлікке билік етуге уақытша шектеу, мәмілелер жасауға және мүлікпен өзге де операциялар жасауға шектеулер, тыйым салу болған кезде, оның ішінде олар Шартты бұзуға кедергі келтірген кезде Тараптар осындай шектеулерге, тыйым салуға сәйкес іс-әрекеттер жасайды.

8.9. Шартта реттелмеген бөлігінде Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.